

**Ә.Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінің 1-6 сынып
аралығындағы педагог-психологының 2022-2023 оқу жылында
жүргізілген жұмыстары.**

2023 жылдың тамыз айында педагогикалық-психологиялық қызмет құжаттарын дайындау және психологтың 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жоспары жасалынды. 1-сынып оқушыларын мектепке қабылдау жұмыстары жасалынды. 1 –сыныпқа 88 оқушы қабылданды. Үйден оқитын мүмкіндігі шектеулі оқушылардың құжаттары жинақталды. Сынып жетекшілерге түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Педагогикалық кеңесте ППҚ құрамы бекітілді. Оқушылардың жеке психологиялық картасын толықтырылды. «Сенім жәшігі» ұйымдастырылды. Психодиагностикалық әдістемелердің деректер банкі мен тізбесі жасалды.

Қыркүйек айында жоспар бойынша 1–сынып оқушыларынан оқушылардың мектепке дайындығын анықтау мақсатында Керн-Йерасектің әдістемесі алынды. Эксперимент барысында оқушыларға 3-тапсырма беріледі:

1. Ер адамның суретін салу
2. Әріптердің жазба түрін көшіріп жазу
3. Нүктелер тобын көшіріп жазу.

Егер 3-6 балл болса – ортадан жоғары; 7-11 балл болса – орташа; 12-15 балл болса – төменгі деңгей болып есептеледі.

1«А» сыныбынан 25 оқушы қатысты. Эксперимент қорытындысы бойынша 1 «А» сыныптың 19 оқушы ортадан жоғары, яғни 76 % -ы ; 6 оқушы орта деңгей, . 24% -ды көрсетті. Оқушылардың ойлау қабілеті, есте сақтау қабілеті, зейіні тұрақты, әдістеме нәтижесінде 1-сыныпқа дайын екенін көрсетті. Ұсыныстар мен пікірлер: Эксперимент қорытындысы сынып жетекшісіне ескертіліп, оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында іс-шаралар, тәрбие сағаттар ұйымдастыруға ұсыныс жасалды.

Қорытынды:



1«Ә» сыныбынан 21 оқушы қатысты. Эксперимент қорытындысы бойынша 1 «Ә» сыныбының 82 % -ы, яғни 17 оқушы ортадан жоғары деңгейді; 4 оқушы яғни, 18% -ы орта деңгейді қамтыды. Оқушылардың ойлау қабілеті, есте сақтау қабілеті, зейіні тұрақты екенін көрсетті. Соның нәтижесінде 1-сыныпқа дайын екенін көрсетті. Ұсыныстар мен пікірлер: Эксперимент қорытындысы сынып жетекшісіне ескертіліп, оқушылардың оқуға деген

қызығушылығын арттыру мақсатында іс-шаралар тәрбие сағаттар ұйымдастыруға ұсыныс жасалды.

Қорытынды:



1«Б» сыныбынан 22 оқушы қатысты. Эксперимент қорытындысы бойынша 1 «Б» сыныптың 15 оқушы яғни, 69 % -ы ортадан жоғары; 5 оқушы яғни, 31% -ы орта деңгейді қамтыды. Оқушылардың ойлау қабілеті, есте сақтау қабілеті, зейіні тұрақты екенін көрсетті. Соның нәтижесінде 1-сыныпқа дайын екенін көрсетті. Ұсыныстар мен пікірлер: Эксперимент қорытындысы сынып жетекшісіне ескертіліп, оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында іс-шаралар, тәрбие сағаттар ұйымдастыруға ұсыныс жасалды.

Қорытынды:



1«В» сыныбынан 24 оқушы қатысты. Эксперимент қорытындысы бойынша 1 «В» сыныптың 77 % -ы ортадан жоғары 18 оқушы; 23% -ы орта деңгейді көрсетті, яғни 6 оқушы. Оқушылардың ойлау қабілеті, есте сақтау қабілеті, зейіні тұрақты екенін көрсетті. Соның нәтижесінде 1-сыныпқа дайын екенін көрсетті. Ұсыныстар мен пікірлер: Эксперимент қорытындысы сынып жетекшісіне ескертіліп, оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында іс-шаралар, тәрбие сағаттар ұйымдастыруға ұсыныс жасалды.


Қорытынды:





2022 жылдың қыркүйек айында 5- сынып оқушыларынан орта буынға бейімделу кезеңінде психологиялық дайындығын зерттеу мақсатында «Менің сыныбым» проективті әдістемесі алынды.

5 сыныбы бойынша «Менің сыныбым» проективті әдістемесі барлығы 93 оқушы қатысты.

1. Мұғалімнен, оқушылардан бөлек жалғыз өзі суреттелген оқушы - оқушының ішкі жан дүниесінің қиын сәттегі көрінісін білдіреді, яғни сыныптатарымен қарым-қатынасының алшақтығы – 0 оқушы;
2. Ойын ойнап жүрген, қасындағы досымен сұхбаттасқан бала – әлеуметтік-психологиялық көңіл-күйінің жақсы деңгейде екендігінің белгісі – 53 оқушы
3. Мұғалімнің жанындағы бала үшін – мұғалім бірінші орында тұрады. Мұғалімнің сөзін екі етпейтінінің көрсеткіші. Сонан кейін барып сыныптас досы – 26 оқушы.
4. Ойын ойнап жүрген сюжет – оқыту процесіне жатпайды. Бірінші орынға ойынды қоятынының белгісі – 14 оқушы.



Қыркүйек айында 1 сынып оқушыларына «Жүрек» тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты: Бірінші күндегі оқушылардың қорқыныш деңгейлерін төмендету; Бірінші сынып оқушыларының мектеп өміріне бейімделу кезеңіндегі қиындықтарын диагностикалау, қажет болған жағдайда түзету жұмыстарын жүргізу, ата-аналар мен мұғалімдерді ақпараттандыру, дамыту жаттығулары жүргізілді. Бірінші сынып оқушысының мектеп өміріне бейімделу кезеңінде әртүрлі қиындықтар жеңу мақсатында оларға психологиялық қолдау өз деңгейінде жүргізілді.



Қыркүйек айында 5 сынып оқушыларына «5-ші сынып дегеніміз не?» тақырыбында тренинг өткізілді.

Мақсаты: Балаларды сабақтың мақсаттарымен жұмыс түрімен таныстыру, сабақта өзін-өзі ұстау ережелерін қабылдау, ішкі ресурсы іске асыру, құрдастарымен бірге пікірталастарға қатысу және сұрақтарға жауап беру. Бесінші сынып оқушысының мектеп өміріне бейімделу кезеңінде әртүрлі қиындықтар жеңу мақсатында оларға психологиялық қолдау өз деңгейінде жүргізілді.



Қазан айында 5-6 сынып оқушыларынан “НСВ-10” әдістемесі алынды. 5-6 сыныбы бойынша 192 оқушы қатысты. Мақсаты: Оқушылардың ойы, өмірге көзқарасын, қоршаған ортамен қарым –қатынасын анықтау.

Барлық оқушылардың жауаптары тексеріліп, алаңдаушылық белгілері байқалмады. Өмірге деген көзқарастары, қоршаған ортамен қарым-қатынасы қалыпты деңгейде. Өмірге кері көзқарас көрсеткен оқушы жоқ.. Көңіл күйлерінің жақсы екенін, үнемі қуанышты жүретіндігін айтты. Қиналғанда жақындарына, достарына, ата-аналарына айтып бөлісе алатындықтарын жазған. Сынып жетекшілеріне де сыныптан тыс іс шараларға қатыстыруға ұсыныс жасалды.

Қазан айында 1 сынып оқушыларына « Мейірімділік» тақырыбында тренинг өткізілді.Мақсаты: Топта ынтымақ, жағымды эмоциялық жағдай тудыру;

Бірінші сынып оқушыларының мектеп өміріне бейімделу кезеңіндегі қиындықтарын диагностикалау, қажет болған жағдайда түзету жұмыстарын жүргізу, ата-аналар мен мұғалімдерді ақпараттандыру, дамыту жаттығулары жүргізілді. Бірінші сынып оқушысының мектеп өміріне бейімделу кезеңінде әртүрлі қиындықтар жеңу мақсатында оларға психологиялық қолдау өз деңгейінде жүргізілді.




5 сынып оқушыларына « Орта мектептегі жаңа оқушы » тақырыбында тренинг өткізілді.Мақсаты: Оқи білу, өзінің іс-әрекетіне жоспарлай білу қабілетінің дамуына ықпал ету, орта мектептегі оқыту процесінің жаңа ережелерін талқылау.Бесінші сынып оқушысының мектеп өміріне бейімделу кезеңінде әртүрлі қиындықтар жеңу мақсатында оларға психологиялық қолдау өз деңгейінде жүргізілді.




Қараша айында 5-6 сынып оқушыларынан темперамент типін анықтау барысында А.В.Тимченко мен В.Б. Шарпарьдың «Темперамент типін анықтау формуласы» әдістемесі алынды. Оқушылардың 4 типтік темпераменті бойынша, яғни Сангвиник, Флегматик, Холерик, Меланхолик типтері бойынша темпераменті анықталды.


Қараша айында 5 сынып оқушыларынан «Өзінді мақта» тақырыбында эссе алынды. 6 сынып оқушыларынан «Менің армандарым» тақырыбында эссе алынды.



Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін анықтау (зейін, ес, қиял, ойлау т.б) әдістемелері алынды.



Қаңтар айында 5-6 сынып оқушыларынан «Ғаламторға және компьютерлік ойындарға тәуелділікті анықтауға арналған тест сұрақшалары» диагностикалық жұмыс алынды. Мақсаты: ғаламторға және компьютерлік ойындарға тәуелділікті анықтау. 5-6 сынып аралығында 187 оқушы қатысты. Нәтижесінде: 14-16 өте жоғары – 0 оқушы, 11-13 жоғары – 5 оқушы, 10-7 орташа – 43 оқушы, 6-4 төмен – 144 оқушы. Ұсыныс: Сынып жетекші оқушылармен ғаламторға және компьютерлік ойындардың зияны жайлы сыныптан тыс іс-шаралар өткізуге. Кеңес: Мектептегі іс-шараларға қатысу, әдеби кітаптар оқу. Мамандардан кеңестер алуға.




5 сынып оқушыларына «Алғыс айту» күніне орай наурыз айында «Шынайы жүректегі алғыс» тренингі өткізілді. Мақсаты: Алғыс айту туралы түсінік беру; үлкен-кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым-қатынасын дамыту; әдептілік, кішіпейілділік, ізгілікке тәрбиелеу. Оқушылар арасында қарым-қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылу, күш-қуат жинау, өзін-өзі тану, құрметтеу, өзін еркін сезінуге көмектесу.





Наурыз айында 5-6 сынып оқушыларымен Э. Ховард әдісі бойынша «Стресс саған қалай әсер етеді?» тесті оқушылардың стресске төзімділігін анықтау мақсатында жүргізілді. Қорытындысы бойынша 5-6 сынып оқушылары арасында Э. Ховард бойынша стресске төзімділік тестіне 185 оқушы қатысты. Тесттің қорытындысы бойынша қатысқан оқушылар 15 -25 ұпай жинаған - 179 оқушының стресске бейімділігі төмен; ал 26 -35 ұпай жинаған - 6 оқушының стресске бейімділік деңгейі орташа екендігі анықталды.



Сәуір айында 4-сынып оқушыларынан орта буынға бейімделуіне байланысты «Н.Г.Лусканова» әдістемесі алынды. Мақсаты: Оқушылардың оқу мотивациясын анықтау. 4- сынып оқушыларынан 112 оқушы қатысты. 20-24 балл ортаңғы норма – 81 оқушы. 15-19 балл ішкі мотивация – 30 оқушы. 10-14 балл мектепке деген теріс қатынасын, оқуға деген ынтасы жоқ – 1 оқушы. Яғни ол оқушы 4 «Ә» сынып оқушысы Тұрсынхан Сұлтан. Есте сақтау қабілеті төмен.

Сынып жетекшісі сынып ұжымымен жағымды қарым қатынас орнатуға ықпал етілуге, Тұрсынхан Сұлтанмен жеке қосымша сабақтар өткізуге, мектеп психологі бақылау жасап жағымды қарым қатынас орнатуға тренинг жүргізуге, оқушылар мектепшілік іс- шараларға қатыстырылуға ұсыныс берілді.




4 сынып оқушылары

■ 4 сынып оқушылары



8130 1

20-24 баула
23-10-14 балл

4- сынып оқушыларынан орта буынға бейімделуге байланысты сәуір айында «Оқушылардың жағымды көңіл-күйін қалыптастыру» тренингі өткізілді. Мақсаты: тренингке қатысушылардың эмоционалдық көңіл-күйін көтеру, шаршағандықтарын басу, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.



Мамыр айында МАД балаларынан «Жануарлар мектебі» әдістемесі алынды.



Педагог-психолог:  С.Б.Биназарова